7. Творческое задание на уроке: основные признаки и структура (на примере заданий по литературе). – Электронный ресурс: <https://kopilkaurokov.ru/literatura/prochee/statiatvorchieskoiezadaniienaurokieosnovnyiepriznakiistrukturanaprimieriezadaniipolitieraturie>
8. Войтова И.В. Использование заданий творческого характера как средство развития речи и словарного запаса учащихся младших школьников. – Электронный ресурс: <http://oqu-zaman.kz/?p=23869>

I.V. Voytova

### THE PECULIARITIES OF USING CRITICAL THINKING DEVELOPMENT STRATEGIES IN PRIMARY SCHOOL

The article presents the experience of using strategies from critical thinking development technology as creative tasks in Russian lessons and literary reading in primary school. The examples of using such strategies as sinwine, burime, haiku, "Playing on words", "Circles in water" have been provided. According to the work results the recommendations for the teacher have been given.

**Keywords:** critical thinking, creative task, cinquain, Bouts-Rimés, haiku, "Play on words", "Circles on water"

И.В. Войтова

### БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЫН ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада бастауыш сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының стратегияларын шығармашылық сипатта қолдану тәжірибесі қарастырылады. Синквейн, буриме, хайку, «сөзбен ойнау», «судағы шеңберлер» сияқты стратегияларды қолдану мысалдары келтірілген. Жұмыстың нәтижелері бойынша мұғалімге ұсыныстар берілген.

**Түйін сөздер:** сыни ойлау, шығармашылық тапсырма, синквейн, буриме, хайку, «Сөздермен ойын», «Судың үстіндегі дөңгелектер»

*Ye.A. Bukhetov Karaganda State University  
Karaganda, Kazakhstan  
romashkababy1@mail.ru*

### **EFFICIENCY OF ICT APPLICATION IN PROJECT METHODS AT ENGLISH LESSONS**

This article considers one of the most effective technology of foreign language teaching – the project method using information and communication technologies. The authors identified the main goal of organizing the method of projects, as well as the basic requirements for their application. The article reveals the main advantages of this method in foreign language teaching.

*Keywords:* method of projects, teaching of foreign language, motivation of pupils.

Information and Communication Technology (ICT) plays an essential role in the process of any language teaching program. Technology helps to make teaching and learning more meaningful and interactive. At present time educational institutions are aware about using ICT in teaching, especially in English language classrooms. Many educational institutions in Kazakhstan at the secondary level have incorporated ICT in English language teaching and learning [1].

Within time, technology has upgraded itself in various degrees; technological innovation has created communication revolution and development of technological application in teaching and learning. This technology made contribution on improving language communication in Kazakhstan. Most of the schools have been using ICT to facilitate the skills of teachers to teach more effectively in the classroom. The diverse kinds of function that they use in the classroom has improved and enhanced lessons [2].

In recent years the question of application of new information technologies at school is even more often brought up. It not only modern technical means, but also new forms and methods of teaching, new approach to training process. Use of multimedia tutorials helps to realize the personal focused approach in training, provides an individualization and differentiation of training taking into account features of children, their level of proficiency, tendencies. Application of ICT at lessons of English is the main sign of positive results of creative activity that involves increase of motivation of pupils.

Relevance: application of ICT at English lessons at creation of projects provides search of new means upon transition from traditional to innovative education and is especially actual that use of ICT recovers educational process, opens great opportunities for expansion of an educational framework, undoubtedly, bears in itself huge motivational material and promotes the principles of an individualization of training in a foreign language [3].

Research objective: increase of productivity of training in English through use of ICT in design activity of pupils.

The purpose demanded the solution of a number of tasks:

1. To give theoretical justification of a design technique of training in foreign languages in the context of ICT on the basis of the analysis of scientific-theoretical literature on this problem.
2. To investigate and prove technology of use of a design technique when training English.
3. To continue development of language competence through mastering new language means.

4. To create conditions for development of communicative competence through improvement of skills of speaking, reading, the letter of pupils.

5. To improve uchebno - informative competence through design activity of pupils.

6. To analyse own experience of use of a design technique in system of educational and nonlearning occupations, to reveal efficiency of design training as new pedagogical technology in an education system [4].

Problems:

–creation of a situation of an anticipation of future result of knowledge as necessary condition in the course of formation of system of the knowledge and abilities which are trained on English;

–obligatory (voluntary) inclusion trained in process of knowledge and active participation in it at the success level, maximum for each child;

–difference of the emotional sphere of school students at perception them a training material;

–ensuring transfer of educational cognitive activity to productive and creative level.

Object of research: the educational (teaching and educational) process focused on formation of communicative competences.

Object of research: use of ICT in design activity of pupils.

The expected results:

–increase of the language competences which are trained;

–formation of steady motivation of knowledge trained at English lessons in system of innovative training;

–increase of independence of school students in training;

–improvement of quality of training on English, development of inquisitiveness and creative activity.

Important aspect of use of ICT at lessons of English is design activity. In our understanding the project is the creative activity of the school student corresponding to his physiological and intellectual opportunities taking into account requirements imposed by state standard [5].

The purpose of projects - to promote formation of system of the knowledge and abilities embodied in a final intellectual product; to promote independence, ability logically to think, see problems and to make decisions, to receive and use information, to be engaged in planning, to develop literacy and many other things.

The method of projects was always interesting to pupils, but with the advent of multimedia installation they had an opportunity to represent the works in more various form. This form of work creates favorable conditions for development of pupils as independent, creative person [6]. For creation of presentation work as the pupil it is necessary to find the necessary material, using various information sources, including the Internet. This type of work also teaches ability correctly to select material and to be guided in a flow of information. Creation of the project in the form of presentation gives the chance to choose and investigate the chosen subject, to show and develop thus creative abilities and independence. It should be noted that pupils with a great interest treat creation of presentation project works.

It is consider that the most effective technology of training in a foreign language is the project method, i.e. such organization of training at which pupils acquire knowledge in creative process of planning and independent performance of practical tasks. The design method in school education is considered as a certain alternative to cool and fixed system. It is aware of a foreign language a method of the project it can be used within program material practically on any subject as selection of subject is made taking into account the practical importance for the pupil (the person and his environment «My school», «My country», «My city», etc.). Each project corresponds to a certain subject of oral speech.

The main requirements to use of a method of projects it is possible to call the following:

- existence of the significant problem in the research, creative plan demanding research search for its decision;
- practical, theoretical importance of estimated results;
- independent (individual, pair, group) activity of pupils;
- structuring substantial part of the project (indication of stage-by-stage results).

So, I want to share experience over the applied project at an English lesson for example, in the 9th class at the solution of test tasks on preparation for PGK pupils face the grammatical subject "Phrasal verbs" which is not widely studied in a school course that causes difficulty at the decision therefore it was offered to children to execute the project on this subject that caused a great interest. They decided to create the electronic manual «Phrasal Verbs». The project was conceived in the context of intercultural education and carried out by pupils of the 9th class. The common problem was offered, and ourselves defined those its aspects which seemed the most actual. Work on implementation of the project was carried out in logic and according to structure of the applied project. Result of which performance at city scientific and practical conference is.

Work on the project included some stages. At the first stage the contents and character of the project, a way of collecting necessary information were discussed. Microgroups taking into account interests and compatibility of partners, level of proficiency in language, creative abilities were created. There was a division on groups, be distributed tasks, the hypothesis was made [7].

At the second stage work on implementation of the project was carried out. The following tasks were set for children:

- to take the necessary information from the offered grammatical material and to use the received data in work;
- to learn to communicate with partners;
- to learn to create multimedia presentations;
- to learn to make exercises;
- to learn to make test tasks.
- Practical activities of pupils consisted in the following:
  - creation of a collection of presentations on a subject of " Phrasal Verbs";
  - creation of projects of " Phrasal Verbs";
  - creation of a workbook;
  - drawing up exercises and test tasks.

Especially it is necessary to tell about consultation at creation of multimedia presentation for each group of pupils, possibilities of the presentation and its registration are most extensive. Working on the project, pupils independently learn to get necessary information, to use reference books. The teacher becomes their equal partner and the consultant.

The sequence of display and the logic of creation of presentation depend on the content of the studied material.

It is desirable not to overload slides with the text. It is better to place short theses, dates, names, terms. The most important material demanding obligatory assimilation is better to allocate more brightly, more originally for inclusion of an associative visual memory.

It is possible to include schemes in presentation, tables, charts. The fragments of slides of presentation used earlier, it is possible to rearrange for the purpose of carrying out comparison or the analysis [8].

Proved as the most productive presentation in whom after an explanation or presentation of material, fixing or control exercises are inserted.

Selection of material for presentation has to correspond to the principles of scientific character, availability, presentation.

It should be noted that pupils also carry out multimedia presentations with a great interest. It is one more incentive to development of interest of pupils in studying of language and culture of the country of the learned language.

Protection of the project is very responsible stage of work. All collected material needs to be presented brightly and emotionally. Pupils know that the project has to meet the following requirements:

- relevance of the chosen subject and the declared problem;
- novelty, informational content;
- practical value for people around.

Analyzing the practical experience of development of projects given above, it is possible to draw a conclusion that use of a method of projects in the course of education of pupils means of English integrated school students on various Wednesdays: social, language, etc., pupils were included in practical activities and aimed at receiving real result [9].

We don't claim that the project work will help the solution of all problems with training, but it promotes development of pupils, understanding of as member of group, to expansion of language knowledge, increases motivation to studying of a subject, improves quality of knowledge. Application of ICT in the course of training in English promotes intellectual creative development of pupils.

## REFERENCES

1. Dockstader J. Teachers of the 21st century know the what, why, and how of technology integration. Journal, 26(6), 2001.
2. Galskova N. D. Modern technique of training in foreign languages of M., 2000. Chapelle C.A., Computer applications in second language acquisition. Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
3. Kopylova V. V. Methodic of the project work at English lessons. M, 2003.
4. Tam, M., Constructivism, instructional design, and technology: implications for transforming distance learning. Educational Technology and Society, 2000. 3(2): p. 50 60.
5. Koryakovtseva N. F. A modern technique of the organization of independent work learning a foreign language. M, 2002.
6. Petrova L.P. Use of computers at lessons of a foreign language - requirement of time. IYaSh, No. 5, 2005.
7. Potapova R. K. New information technologies and philology. SPB., 2004.
8. E.S chambers. New pedagogical and information technologies in an education system of M., 2000.
9. Jonassen, D. H., Reeves, T. C. Learning with technology: Using computers as cognitive tools, DH Jonassen (Ed.), Handbook of research for educational communications and technology, 2005.

**Н.В. Дениварова**

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЖОБА ӘДІСІН ҚОЛДАНУ**

Мақалада интернет-технологиялар арқылы жоба әдісін қолдану ағылшын тілін оқытудың тиімді тәсілдемесі ретінде қарастырылады. Мақаланың авторы жоба әдісін қолданудың мақсаты мен оны жүзеге асырудың негізгі талаптарын анықтаған. Бұл әдістің ағылшын тілін оқытудағы негізгі артықшылықтары айқандалған.

*Түйін сөздер:* жоба әдісі, шет тіліне оқыту, оқушылардың уәждемесі.

**Н.В. Дениварова**

**МЕТОД ПРОЕКТОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА  
С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ**

В данной статье рассматривается один из эффективных подходов к обучению иностранному языку – метод проектов с использованием информационно-коммуникационных технологий. Автором определена цель использования метода проектов, а также основные требования к его осуществлению. Раскрыты основные преимущества данного метода при обучении иностранному языку.

*Ключевые слова:* метод проектов, обучение иностранному языку, мотивация учеников.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық  
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,  
Қарағанды қ., Қазақстан  
zhetpisbayeva.m@orleu-edu.kz, hairulina.g@orleu-edu.kz*

## **ПЕДАГОГТИҢ КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

Құралда мұғалімнің пән мен тілді кіріктіріп оқытудағы мақсатты кәсіби құзыреттіліктерінің компоненттері, сөйлеу жағдаятына сәйкес коммуникативтік тапсырмаларды шешуге арналған екі тілдің құралдарын білу және қолдануды қарастыратын ықпалдасқан сипаттағы коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымы қарастырылған. Авторлар, көптілділік позициясынан қарағанда, барлық тілдік тәжірибелерде және тілдердің өзара әрекеттесуі жағдайында пайда болатын коммуникативтік құзыреттіліктерді оқыту тілдері қалыптастыратынына баса назар аударады. Тіл мен пәнді кіріктіре оқыту әдістемесінің айрықша ерекшеліктерінің сипаттамасы ұсынылған.

*Түйін сөздер:* көптілділік, коммуникативтік-тілдік құзыреттілік, пән мен тілді кіріктіріп оқыту, CLIL-мен оқытатын оқытушылардың Еуропалық стандарты.

Бірнеше тілді білу бүгінгі күні іскерлік пен сандық сауаттылық сияқты өмірге қажетті негізгі құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Мемлекетіміз бен білім беру жүйесі адамдардың тілдік біліктіліктерін жетілдіру үшін тілдік білім беру саясатының тұтастығын, тұрақтылығын және бірізділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Тілдердің дамуына жағдай жасау жөніндегі мемлекеттік саясатымыз қазақ (мемлекеттік) тілінің басымдылықпен дамуына бағытталған бүгінгі іс жүзіндегі тілдер иерархиясын түзетуге бағдарлануы тиіс. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін оны білу әр азаматтың өмірлік қажеттілігі болатындай және қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі болатындай дәрежеге көтеру керек.

Өндірістік-техникалық ортаға табысты бейімделудің кепілі ретінде орыс тілін жетік білу және зияткерлік дамудың әлемдік инновациялық ортасына ойдағыдай бейімделу үшін ағылшын тілін меңгеру аса маңызды.

Тіл саясатын Қазақстан Республикасында кезең-кезеңмен жүзеге асыру арқылы ұтымды әлеуметтік-лингвистикалық кеңістікті құру стратегиясын әзірлеу дәйекті болды [1]. Үштілді (көптілді) білім – әлемдік заманауи тенденцияларға толық сәйкес келетін ең келешекті стратегия. Еуропа одағындағы елдерде «Өмір бойы тілді үйрену» атты көлемді жоба жүзеге асырылады. Оның ең басты ерекшелігі – «білім берудің сапасы мен инклюзивтілігінің маңызды факторы» болып саналатын үштілді білім берудің тұжырымдамасында [2].

Тіл саясатын жүзеге асырудың маңызды аймақтарының бірі болып білім беру ұйымдары, сол елдің тұтас білім беру жүйесі болып есептеледі. Демократиялық, саяси, экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы, әлеуметтік-экономикалық тұрмыстың жақсаруы білім мен тәрбие беру сапасын арттыруға, оқу тілдерінің оңтайлы үйлесуін қамтамасыз етуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Соған орай білім беру жүйесін дамыту ісі мемлекеттік тіл саясатының және ел ішіндегі демографиялық жағдайлардың есебімен жүзеге асырылуы керек.

Педагогикалық тұрғыдан бұл жағдай тілдерді меңгерту саласындағы ресми доктриналар мен классикалық әзірленген ережелерді қайта қарастыруды қажет тұтты, яғни мемлекеттік тапсырыстың қайта бағдарлануы мақсатты



тұжырымдауларды қайта қарастырып, тілдерді оқыту саласындағы мақсаттарды жүзеге асыруды талап етті.

Л.С.Выготский көптілділіктің негізіне дамудың қоғамдық ахуалына сәйкес келетін, тілдерді оқытудың дұрыс құрастырылған жүйесі қалануы керек деп атап өткен. Мектептік және ЖОО жүйелері, мемлекеттің тіл саясаты ортақ мақсаттарды көздей отырып, бірігіп әрекет ете алады, сонда оның нәтижесі де максималды сәтті болмақ [3, 49].

Тілдік білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттардың талдауы, көптілді/үштілді білім беру жағдайындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің сұрақтары бойынша ғылыми-теориялық, әдістемелік материалдардың зерттеулері бірқатар қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

- *әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы*: үш тілді меңгерген оқушыны тәрбиелеудегі қазақстандық қоғамның талабы мен пән мұғалімдерінің коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерінің жеткіліксіз деңгейде болуы;

- *ғылыми-теориялық сипаттағы*: зерттеу пәні бойынша ғылыми-теориялық және практикалық жұмыстардың қажеттілігі және оның жетіспеушілігі;

- *ғылыми-әдістемелік сипаттағы*: пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесінің едәуір мол әлеуеті және пән мұғалімдерінің оны пән мазмұнын сапалы меңгертуде, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда пайдалана білмеуі.

Мақалада пәннің оқыту тілін белгілеу мақсатында «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» түсініктері қолданылған. Халықаралық практикада тілді әлеуметтік және мемлекеттік құндылық ретінде айқындайтын жалпы жұртқа танымал «ана тілі», «ана тілі емес», «шет тілі», «мақсатты тіл» (ана тілінен кейін меңгерілетін тіл) сияқты түсініктер бар екенін айта кеткеніміз жөн. Осы қисынға сәйкес «қазақ тілін ана тілі ретінде», «қазақ тілін ана тілі ретінде емес», «орыс тілі ана тілі ретінде», «орыс тілі ана тілі ретінде емес» сияқты түсініктерді пайдалануға болады. Ғалымдар мұндай терминдік тәсіл «ана тілі» және «мектептің оқыту тілі» сияқты түсініктердің араласып кетуінен құтқаратынын айтады, себебі көпұлтты Қазақстан мектептерінде әр алуан ұлт пен этнос балалары білім алуда, олар үшін оқу тілі ана тілімен сәйкес келе бермейді» [4].

Қазақстандық білім берудің шынайы практикасында «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» тезаурусы жиі қолданылады, бұл үштілді білім беру мазмұнын анықтайтын жаңартылған бағдарламалық құжаттарда да өз көрінісін тапты. Соған сәйкес мақалада авторлар «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» түсініктерін қолданған.

Көптілділік/үштілділік әлеуметтік инклюзия принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл қандайда бір этникаға немесе тілге тиесілі болғанына қарамастан, көптілді азаматты қалыптастыруға ықпалдасады.

Көптілді білім беру теориясы мен әдіснамасында көптілді тұлға деген түйінді түсінік бар. Ғалымдардың анықтауы бойынша, көптілді тұлға дегеніміз бірнеше тілдің белсенді тасушысы, құрылымдық тұрғыдан қарастырсақ, оның бойынан келесі қасиеттерді тануға болады:

- тілдік тұлға – индивидке сөйлеу әрекеттерін бірнеше тілде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттер кешені;

- коммуникативті тұлға – ауызша сөйлесу және әр алуан лингвоәлеумет өкілдерімен тілдесу құралы ретінде бірнеше тілдердің жиынтығын қолдану қабілеттілігі;

- сөздік немесе этносемантикалық тұлға – бірнеше тілдің лексикалық жүйесінде кірігіп көрініс табатын дүниетанымдық көзқарастардың, құндылықты бағыттың, мінез-құлық іс-тәжірибесінің симбиозы [4].

Бұл анықтама тілдік емес пәнді екінші/үшінші тілде оқыту жағдайында педагогтің коммуникативтік-тілдік құзыреттілігінің мазмұны мен құрылымын түсіну үшін маңызды болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» және «құзырлық» сияқты түсініктер қайсыбір авторлармен соңғы нәтижені көрсету үшін, енді бірімен тұлғаның әр алуан қасиеттерін сипаттау үшін қолданылады (Е.В. Бондаревская, А.А. Деркач, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Н.В. Мясичев, Л.А.Петровская и др.).

Бұл мақаланың аясында біз «құзыреттілік» деген түсінікке анықтама беруді немесе ұсынылған түсініктердің өзара айырмашылықтарын қарастыруды көздемейміз. С.Д. Якушеваның «Педагогикалық шеберліктің негіздері» атты оқулығында осы сұраққа қатысты ғалымдардың түйінді ой-пікірлері келтірілген [5]. Тек А.К. Маркова құзыреттілікке мамандық талаптарына сәйкес болу дәрежесінің жеке сипаттамасы ретінде анықтама береді және өзінің кәсіби іс-әрекеттерін игеру, келешек кәсіби дамуын жобалау қабілеттері ретінде арнайы құзыреттілікті бөліп қарастыратынын айта кеткен жөн.

Пәнді екінші/үшінші тілде оқыту жағдайында коммуникативтік-тілдік құзыреттілік кәсіби білім, білік, дағдының, кәсіби қабілеттіліктердің және кәсіби маңызды қасиеттердің жүйелері сияқты кәсіби құзыреттіліктер құрылымына енеді.

Коммуникативтік-тілдік құзыреттілікті біз алға қойылған коммуникативтік тапсырмаларға сәйкес тіл/тілдер құралдары арқылы әр алуан тілдік қызметте қарым-қатынас жасай алу қабілетілігі деп және әр алуан әлеуметтік және стильдік мәнмәтіндермен үйлесімді байланысқан пікір білдіру және түсіну, интерпретациялау деп түсінеміз.

Тілдік құрам тілдің негізгі деңгейлерін білу және пайдалану сипатымен айқындалады:

- фонетикалық – акцентологиялық нормаларды білу және дыбыстарды дұрыс артикуляциялай білу;

- лексикалық – тақырыптық топтасқан лексика негізіндегі тезаурустың қалыптасуы, белсенді және бейтарап сөздер қорының қалыптасуы;

- семантикалық – сөз мағынасын білу, оларды сөздің көпмағыналығын, синонимдерін және эмоционалдық нақыштарын ескере отырып, тура және ауыспалы мағынасына сәйкес қолдана білу;

- грамматикалық – грамматика нормаларына сәйкес және сөзжасам ережелеріне сай сөздерді дұрыс қолдана білу;

- синтаксистік – сөздердің тіркесуін білу және сөйлем құрып, ой-пікірді дұрыс құрастыру білігі.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, педагогтің коммуникативтік-тілдік құзыреттілігіне келесі компоненттер енеді:

1. уәждеу (құзыреттілігін көрсетуге дайын болу, өзіндік тұлғалық дамуға қызығушылық таныту);

2. когнитивтік аспект (екі немесе одан да көп тілді білу, пәндік білім);

3. мінез-құлықтық аспект (әр түрлі стандартты және стандартты емес жағдаяттарда құзыреттілігін көрсете алу іс-тәжірибесінің болуы, қарым-қатынас барысында туындайтын мәселелерді тиімді шеше білу қабілеті);

4. құндылықты-мазмұнды аспект (құзыреттіліктің мазмұнына және оның қосымшасының объектісіне деген қарым-қатынас, мұғалімнің кәсіби ұшталуға дайын болуы);

5. эмоционалжы-жігерлі аспект (үдерісті және құзыреттілікті көрсету нәтижесын эмоционалды-жігерлі реттеу) [6].

Пән мұғалімінің коммуникативтік-тілдік құрылымы тек базалық пәндік және тілдік білім, біліктілікпен ғана анықталмайды, ол мұғалімнің өз кәсібіндегі білімді, іс-

тәжірибені, адамдармен қарым-қатынасты бағалай білу білігімен, оның кәсіптегі уәждері мен қалауларын сипаттайтын құндылықты бағдарларымен айқындалады. Педагогикалық қызметке қызығушылығын оятатын уәждері мен қалаулары іс-әрекеттердің нәтижелігі мен тиімділігіне себін тигізеді.

Коммуникативтік құзыреттілік өзге адамдармен ынтымақтасуға, өзара қарым-қатынас жасауға, сонымен қатар өзге көзқарастар мен пікірлерге, өзге ұстанымдар мен мәдени ерекшеліктерге төзімді болуға ықпал етеді. Мұғалімнің диалогке түсуге, ынтымақтасуға, қарым-қатынас жасауға, сұхбаттасушыны естуге және тыңдай білуге қабілетті болуы, сұхбаттасушының көзқарасын айқындайтын сұрақтарды қоя білуге және сұрақтарға берер өз жауаптарын нақты құруға, жекелеме пікірлерге демеу көрсетуде нақты дәлелдер айтуға қабілетті болуы; өзге адам пікіріне толерантты болуы, демократтық принциптерді қолдана отырып, өз пікірін қарым-қатынастағы өзге адамдардың қабылдау мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу, әр жақтың пікірі мен қызығушылығын ескере отырып, туындаған шиеленістерді бейбіт жолмен шешу, коммуникацияның әр түрлі тәсілдерін қолдану қабілеттіліктері аса маңызды (сонымен қатар электронды да).

Орта білім беру мазмұнын жаңартуда барлық пән мұғалімдері тілдік мақсаттарды қалыптастыру керек деп қарастырылған. Пәнді екінші/үшінші тілде жүргізу жағдайында тілдік мақсат қысқа мерзімді сабақ жоспарының міндетті құрылымдық бөлшегі болып саналады.

Тілді үйренудің тиімді тәсілдерінің бірі сол тілде әлде бір пәннің мазмұнын меңгеру болып табылатыны белгілі. Қазақстанның орта мектептерінде 2000 оқу жылынан бастап оқу тілі қазақ тілді емес мектептерде «Казахская литература» пәні қазақ тілінде, оқу тілі орыс тілді емес мектептерде «Русская литература» пәні орыс тілінде жүргізілуде, бірақ практика көрсетіп отырғандай, екінші тілді үйрену деңгейін арттыруға мұның ауқымды ықпалы болмады. Мұны тіл мен әдебиет бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтардың дәстүрлі мазмұнда қалу себебімен және мұғалімдерге пәнді екінші тілде оқытуға әдістемелік көмек берілмегендігімен түсіндіруге болады.

Қазақстанның орта білім беру жүйесінде көптілді білім берудің әр түрлі моделі бар. Бұл модельдерде тіл жеке пән ретінде ғана берілмейді, басқа пәндерді оқу үшін де пайдаланылады. Қазақ-түрік лицейлері, Назарбаев зияткерлік мектептері, халықаралық «Мирас» және «Хэйлибери» мектептері әр жылдары бір уақытта бірнеше тілде білім алуды енгізе бастады. Осылайша қазақ-түрік лицейлерінде оқыту төрт тілде жүргізіледі: математика, информатика және жаратылыстану циклының пәндері – ағылшын тілінде; қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы мен географиясы, мемлекет негіздері мен құқық, дүниежүзі тарихы – қазақ тілінде; дүниежүзі географиясы мен түрік тілі – түрік тілінде; орыс тілі мен әдебиеті – орыс тілінде.

Назарбаев зияткерлік мектептерінде 2014-2015 оқу жылынан бастап негізгі және жоғары мектептерде жеке пәндер үш тілде жүргізіле бастады:

- 4 пән қазақ тілінде: «География», «Қазақстан тарихы», «Қазақстан заманауи әлемде» және «Құқық негіздері»;
- 2 пән орыс тілінде: «Всемирная история» және «Информатика»;
- 7 пән ағылшын тілінде: «Математика»; «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика»; «Экономика», «Жаһанды келешек және жобалау жұмысы».

Сонымен қатар Назарбаев зияткерлік мектептерінде үштілділік сыныптан тыс жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады: драмалық үйірмелер, дебаттық клубтар, телестудиялар үш тілде жұмыс жасайды, жобаларды қорғау және т.б. үш тілде жүзеге асырылады. «Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап», «Wikipedia» және «TEDxNIS» клубтары, «Discover

Kazakhstan», «Туған елге тағзым» және тағы басқа бірқатар сыныптан тыс жобалар меңгерілген тілдік дағдыларды дамытуға ықпалдасады [7].

ЕҚЫҰ (ОБСЕ) Орта Азиялық білім беру бағдарламасының аясында Оңтүстік Қазақстан облысының оқу тілі өзбек тілді 19 мектептің базасында көптілді білім беру бағдарламасының пилотты бастамасы іске асырылып, бұл іс-тәжірибені оқу тілі ұйғыр тілді мектептерге тарату үдерісі қолға алынуда (А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназия, Алматы қаласы). Пилотты мектептермен жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар негізінде тілдік құзыреттіліктерді тек қана екінші тілде немесе шет тілінде дамытуды көздейтін ғана емес, ана тілін меңгерудегі қажеттіліктер де ескерілетін модель жатыр [8].

2014 жылдан бастап «Өрлеу» БАҰО» АҚ екінші тілді оқыту және тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемелері бойынша, көптілді және көпмәдениетті білім беру менеджменті бойынша педагогикалық қызметкерлердің эксперттік әлеуеті мен біліктіліктерін арттыру бойынша ЕҚЫҰ (ОБСЕ) біріге отырып ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу арқылы көптілді және көпмәдениетті білім беруді жүзеге асырудағы асы білім беру ұйымдарының іс-тәжірибелерін зерттеуде.

Пәнді екінші/үшінші тілде оқытудың нәтижелігіне қол жеткізу үшін сабақта оқу үдерісін ерекше ұйымдастыру керек, сабақты жоспарлауға және мақсаттарын анықтауға, оқу барысында пәннің мазмұны мен тілді меңгеру үдерісін қатар қоладануға, бағалауға мүмкіндік беретін оқу материалдарын іріктеу тәсілдеріне өзгеріспен келу керек.

Тілдік емес пәндерді екінші/үшінші тілде оқытудың едәуір кең тараған және тиімді әдістемесі – тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту.

Орта мектепте тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту (Content and Language Integrated Learning, әрі қарай – CLIL) теориялық және қолданбалы зерттеулердің дамушы аймағын көрсетеді, мұндай оқытуды мектеп қалай жүзеге асыру керектігі туралы бірегей тұжырымдама жоқ.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде үштілділік білім беру саясатын жүзеге асыру жағдайында CLIL қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру үдерісін ұйымдастыруға және жеке пәндерді сол тілдердің бірінде оқытуға қажетті жағдайларды жасау жолы арқылы ерекше өзектілікке ие болуда.

Қазақстанда CLIL-ді жүзеге асыру эпизодтық сипатқа ие және ол жүзеге асырылып жатқан болса, тек жеке білім беру ұйымдарының аясында ғана, мәселен НЗМ-де іске асырылуда. 2012 жылы Көкшетау және Талдықорған қалаларының НЗМ бастауыш сыныптарында орыс тілді балалардың қазақ тілін тереңдетіп оқу эксперименті басталды. Тілді тереңдетіп оқыту бағдарламасы қазақ тілді ортаны күшейтуге және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуын нығайтуға бағытталған. Қазақ тілі қоршаған ортаны танудың және оқу пәндерінің мазмұнын меңгерудің когнитивті құралы бола бастады [9].

Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту ғылыми әдебиеттерде қарастырылған көптілді білім берудің тұжырымдамалық негіздерінің әдіснамалық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

- үздіксіздік қағидасы – жүйенің барлық компоненттерінің (мақсаттардың, міндеттердің, мазмұнның, әдістердің, тәсілдер мен түрлердің) көптілді білім беру деңгейлерінің арасындағы (вертикаль бойынша) байланысы, келісімі және келешектігі ретінде;

- сабақтастық қағидасы – жүйенің барлық компоненттерінің (мақсаттардың, міндеттердің, мазмұнның, әдістердің, тәсілдердің, түрлердің) көптілді білім берудің әр деңгейінде (көлденең бойынша) тұтастықты қамтамасыз ететін фактор ретінде;

- «білімнің екі рет енуі» қағидасы тілдік пәндерді оқыту арқылы және тілдік емес пәндерді оқыту арқылы тілді параллель меңгеруді қамтамасыз етеді (мысалы, химия, физика ағылшын тілінде оқытылады, Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті –

қазақ тілінде, орыс әдебиеті мен дүниежүзі тарихы – орыс тілінде оқытылады және т.б.). Этномәдени білім кеңістігіндегі тілдердің функционалдық белсенділік қағидасы қоғамның институционалды саладағы қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес және институционалдықтан тыс және бейресми салаларда әлеуметтік жеке топтардың сұраныстарына сәйкес әр түрлі тілдерді белсенді түрде қолдануға жағдай жасауды білдіреді [4].

Әдетте әдебиетте CLIL «екі фокусы бар оқу тәсілі деп анықталады, мұнда қосымша тіл пән мазмұнын оқуға және үйрену үшін қолданылғандай, тікелей тілді оқу үшін де қолданылады» [10; 1]. Ол оқушыларды бірінші тілді оқуға уәждей отырып, екінші/үшінші тілді меңгеруде демеу көрсетуге бағытталған. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында тілді меңгеру пәнді меңгеру үдерісінің бір бөлшегі болып табылады, ал пәндік мазмұн тілді меңгеру сабақтарында пайдаланылады.

Келтірілген анықтаулар бұл тәсілдің маңызды ерекшеліктерін айырып көрсетуге мүмкіндік береді:

–CLIL бірінші тілге демеу көрсетеді және екінші/үшінші тілді меңгеруді күшейтеді, соған орай CLIL «екінші тіл тілдік емес пәндерді оқыту үшін қолданылатын оқытудың барлық түрлерінде қолданылады» деп анықталады [8; 37]. Әр елдің өзіне тән ерекшелігі бар тілдік білім беру мақсаттары белгілі бір әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дәстүрлерге сәйкес келетін осындай CLIL модельдерін енгізу арқылы жүзеге асырыла алады.

–CLIL оқытудың екі фокусы бар: тіл деңгейінде және пән мазмұнының деңгейінде. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін сабақ берудің ерекше тәсілі қажет, онда тілдік емес пән екінші/үшінші тілде оқытылып қана қоймай, тіл арқылы оқытылады.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысындағы ерекшеліктерге қарамастан, шетелдің бірқатар зерттеушілері CLIL тілдің де, пәндік мазмұнның да берілуінің жаңа әдістемесі болып есептелмейді дейді.

CLIL – бұл тілдік және тілдік емес пәннің бірігіп оқытылуына арналған қолданыстағы әдістемелердің инновациялық комбинациясы. Сондықтан да кез келген білім беру жүйесінде CLIL-ді енгізуге арналған базалық элементтер бар деп қарауға болады. Демек жаңа когнитивті-коммуникативті кешендерді меңгеруге бағытталған көптілді білім берудің ұйымдастырушылық негізінде оқу іс-әрекетінің қағидалары мен тәсілдері жатыр (игерілетін пәндер аясында оқыту тілі). Олай болса оны әрекеттік те, жүйелік-ойлау әрекеттік те, атап айтқанда, педагогикалық қызметтің бүгінгі таңда белгілі болған барлық мәдениеттану парадигмасының ағымдары тең дәрежеде көрініс тапқан білім беру мазмұнының кіріктірілген типіне жатқызу керек [4; 153].

Тілді білу пәннің мазмұнын меңгеру құралына айналған кезде пән мен тілді кіріктіріп оқытуды әр алуан білім беру мәнмәтіндерінде жүзеге асыруға болады. Сонымен бірге тіл оқыту бағдарламасына енгізілген, сондықтан да пәндік материалды талқылау үшін тілдік ортаға кіру қажеттілігі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен белгіленген оқу тақырыптарының мәнмәтінінде тілді қолдану уәжін арттыра түседі.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында сабақты екінші/үшінші тілді де, пән мазмұнын да меңгерген мұғалім жүргізуі тиіс, бұл негізгі коммуникативтік дағдаларды да, академиялық, яғни «пәндік», тілдік дағдыларды да дамытуға ықпалдасады. Сонымен бірге мұғалім түрлі дидактикалық тәсілдер мен оқу құралдарын, бүгінгі күнгі жаңа технологияларды қолдана отырып, пәнді оқыту кезінде оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін кеңейтеді және тереңдете түседі.

Бұл айтылғандардың барлығы мұғалімге жаңа кәсіби міндеттерді жүктейді – пәнді оқытып қана қоймай, тілді де оқыту (пән арқылы) қажетті әдістемелік білім мен білікті жақсы меңгеруді талап етеді. CLIL бойынша сабақ өткізу материалды беру мен

жұмысты ұйымдастырудың әр түрлі коммуникативті формаларын қолдануды, оған оқу материалдарын іріктеуді және тапсырмаларды дайындауды талап етеді. CLIL әдістемесі бойынша жұмыс жасайтын мұғалімнің белгілі бір құзыреттіліктері қалыптасуы керек, оларды педагогикалық мамандардың біліктілік арттыру жүйесінің мазмұнына және мақсатты дайындығына енгізу керек.

Пән мен тілді кіріктіріп оқытуға қажетті құзыреттіліктер CLIL-мен оқытатын оқытушылардың Еуропалық стандартымен белгіленген (әрі қарай – Стандарт) [11].

Стандарт CLIL-CD жобасының аясында құрастырылған, ол заманауи тілдердің Еуропалық орталығының кәсіби лингвистер Бағдарламасымен қаржыландырылады. Еуропа Кеңесінің қатысушы-елдерінің CLIL бағдарламасының ұйымдастырылуында, мазмұнында, қарқыны мен тілді таңдауында өзгешеліктер болғандықтан, пән мен тілді кіріктіріп оқытуға мұғалімдерді дайындаудың Еуропалық стандарты CLIL оқытушыларының макродеңгейлік әмбебап құзыреттіліктеріне баса назар аударады. Мұның барлығы мұғалімдерді CLIL мәнмәтінінде дайындаудың бағдарламалық мазмұнын зерттеу жолымен, сонымен қатар жалпыеуропалық консультациялар үдерісі бойынша бекітілген. Стандартта ұсынылған бағдарламалық модульдер оларды әр түрлі аймақтар мен ұлттық мәнмәтіндерде бейімдеуге мүмкіндік береді.

Стандарттың үш модулінде пән мен тілді кіріктіріп оқытатын мұғалімнің мақсатты кәсіби құзыреттіліктерінің жиырма компоненті ұсынылған:

*Жеке рефлексия:* Белгілі бір танымдық, әлеуметтік және эмоцияналдық дамуға бейімділік оқушылардың танымдық, әлеуметтік және эмоцияналдық дамуына ықпалдасатын фундамент болып табылады.

*Пәндік және тілдік оқыту негіздері:* Пән мен тілді кіріктіріп оқытудағы ең бастысы - оқушылармен және өзге де мүдделі тұлғалармен құрылымдық қарым-қатынас құрай алатын CLIL-ң негізгі сипаттамаларын және олардың ең үздік оқыту әдістемелермен байланысын түсіну.

*Пәндік және тілдік құзыреттіліктер:* CLIL-да пән мазмұнын жетістікпен оқыту, ең алдымен, тілді білумен байланысты, ал тілді тереңдетіп оқыту пән мазмұнына байланысты. Тілдер мен танымдық қабілеттіліктердің өзара байланысқан білімдегі зерттеушілік тәсіл пән мазмұнын да, тілді де меңгеруге ықпалдасады.

*Әдіснама:* Пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында дәстүрлі педагогика қағидалары жаңаша қолданылады. Екінші (үшінші) тілдің көмегімен оқу міндеттеріне байланысты дәстүрлі педагогиканың көптеген аспектілері қайта қарастыруды талап етеді. Әдіснама мен бағалауға қатысты бірқатар білім мен біліктер білім алушыларға маңызды да пайдалы оқу тәжірибесін құру мақсатында біріктіріледі.

*Оқыту құзыреттілігін қалыптастыру:* Мұғалімдер оқушылардың әлдеқайда дербес болуы үшін олардың өз бетімен оқуына және өзіндік бағалау жүргізуіне демеу көрсете білуі керек.

*Әріптестермен ынтымақтасу:* Пән мен тілді кіріктіріп оқыту жаңа педагогикалық ортаны құрады, мұнда педагогтер белгілі бір ортақ педагогикалық мақсаттарға жету үшін командаларға бірігеді. Командалық іс-әрекеттер аясында пән мұғалімдері мен тіл мұғалімдері шығармашылық ынтымақтастықта болады. Мұғалімдердің командадағы өзара әрекеттері әріптес-мұғалімнің мінезін зерттеуге, өз іс-әрекетін команданың басқа мүшелерінің мақсаты мен міндеттеріне бағдарлауға бағытталуы керек, бұл жоспарлау мен әрекеттерді коррекциялауды бірігіп атқаруды талап етеді. Сабақты бірігіп жоспарлау барысында педагогтер пән мен тілді меңгертудің мақсаттарын бірігіп келісіп, екі пән де оқытылып, пайдаланылатын терминдерді белгілеп, сөз орамдарын анықтап (едәуір жиі қолданылатын сөз тіркестері), пәнаралық байланыстың сипатын бірігіп айқындайды (ілгерінді, ілеспелі, кезекті байланыстар). Педагогтер көзделген міндеттерге жету үшін тең дәрежеде үлес қосқандай, біріккен жұмыстың нәтижесі үшін жауапкершілікті де тең бөліседі. Мұғалімдер жай ғана пәнаралық байланыстың жоспарын құрып қана қоймай,

командалық әрекет аясында шынайы бірігіп жұмыс жасайды. Әр мұғалім CLIL қолдану аясында командадағы әріптесінің жұмыс үдерісіне жанама немесе тікелей түрде қатысып, оқытылатын тілде пәнді оқыту мақсаттарына жету үшін және оқушылардың тілді үйренуі үшін практикалық жәрдем көрсетеді.

**Бағыттар мен басымдылықтарды әзірлеу:** CLIL тәсілінің барысында оқушылармен біріге отырып, олардың білім алу қажеттіліктерін анықтайтын және оқушылардың тілдік құзыреттіліктері мен қажеттіліктерін назарға алу үшін оқытуды түрлендіру жолы арқылы оқушыларға қолжетімді деңгейде пән мазмұнының басты тұжырымдарын жүзеге асыратын оқыту үдерісінің даралануы мен саралануы жүзеге асырылады.

**Оқытудың толыққанды пәндік іс-тәжірибесін әзірлеу:** Оқушылардың екінші (үшінші) тіл арқылы оқыту үдерісінің эмотивті жағын басқаруға талпынысын қолдау, пән мазмұнын белсенді талқылау үшін оқушылардың жұптық және топтық жұмыстарын ұйымдастыруға демеу көрсету.

**Бағалау:** CLIL тәсілін қолдану барысында формативті және жиынтық (суммативті) бағалауға фокусталған күтілетін оқу нәтижелерінің формасындағы нақты да дәл мақсаттары қойылуы керек, ең алдымен, пән бойынша мазмұн мен дағдыларды, содан соң екінші (үшінші) тілдегі тілдік дағдыларды бағалау керек. Екінші (үшінші) тілді оқыту нәтижелерін үш топқа бөліп қарастыруға болады: сөйлеу білігі мен дағдылары, лингвистикалық білім, мәдениетті түсіну (өз мәдениетінің құндылықтарын және мәдени көпқырлылықты түсінуді қалыптастыру).

**Зерттеу және баға:** CLIL мұғалімі әріптестерімен, өзге де мүдделі адамдармен, оқушыларды қоса отырып, ынтымақтасқан түрде оқу әрекеттеріне талдау жүргізуі тиіс, CLIL-ға және жалпы оқытуға (екінші (үшінші) тілді меңгерудегі, таным психологиясындағы және оқыту нәтижелігіндегі) маңызды болып табылатын негізгі табыстарды тұжырымдау керек және зерттеу мен бағалау нәтижелерін сыни тұрғыдан түсіндіруі тиіс.

**Оқыту ресурстары мен оқыту ортасы:** Пән мен тілді кіріктіріп оқыту үшін өзгеше ресурстар мен оқытудың қанық ортасы керек. Оқытудың өзгеше ресурстарына тіл білушілермен құрастырылған және оқу мақсаттары үшін арнайы бейімделмеген ауызша және жазбаша мәтіндер ретінде түсіндірілетін түпнұсқалы материалдарды жатқызуға болады. Толық жазбаша түпнұсқа мәтіндерді (заңнамалық және құқықтық актілер, баспасөз бетінде немесе Интернет желісінде жарияланған мақалалар) және жартылай түпнұсқа жазбаша мәтіндерді, яғни ғылыми және публицистикалық көздерден алынған бейімделмеген авторлық мәтіндерді енгізе отырып құрастырылған арнайы оқу құралдарының мәтіндерін қолдануға болады.

**CLIL басқару:** Пән мен тілді кіріктіріп оқытуды сапалы құру көптеген қатысушылардың, оның ішінде оқушылардың, ата-аналардың, CLIL мұғалімдерінің, басқа пән мұғалімдерінің және әкімшіліктің тұтас кешенінің еншісінде. CLIL мұғалімі кәсіби өзін-өзі басқару қағидаларын қолдануы керек, білім беру үдерісінің сыртқы және ішкі қатысушыларымен жұмыс істеуі тиіс, CLIL-ге қатысты этникалық сұрақтарды түсіндіру керек, оның ішінде гендерлік және өзге де инклюзивті ерекшеліктерді.

Сонымен, CLIL мұғалімінің коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктеріне күтілетін нәтиже түріндегі келесі дағдыларды жатқызуға болады:

CLIL мұғалімі

- оқытудың өзгеше мақсаттары мен бағалау критерилерін құрай алады;
- оқытудың қажетті мазмұнын және оны жүзеге асырудағы кедергілерді айқындай алады;
- пән мазмұнындағы сабақтарда тілді оқытуға арналған стратегияларды қолдана алады (тілдік скаффолд);

–пән мазмұны мен тілге қатысты сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегияларын пайдалана алады;

–оқушылардың жеке іс-тәжірибелерін жаңа пәндік біліммен біріктіру дағдыларын дамытуға арналған стратегияларды пайдалана біледі (мысалы, тілмен, басқа пәндермен, жеке дүниетанымымен және мектептен тыс өмірмен);

–сыни дискурсты, себеп-салдарлық байланыстарды, тұлғааралық қарым-қатынастың базалық дағдыларды, когнитивті академиялық құзыреттіліктерді ескере отырып, тіл мен пәнді оқытуға демеу беру және жалпы оқу дағдыларын дамыту мақсатындағы стратегияларды қолдана біледі;

– пән мазмұнын, тілді және оқу дағдыларын дамыту үшін формативті және суммативті бағалау құралдарын қолдана біледі;

–өзгеше білім беру ресурстарын құрастыра/қолдана алады;

–оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай саралауды жүзеге асыра біледі.

Сонымен CLIL мұғалімдерін оқытудың Еуропалық стандарты CLIL негізінде жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен даму бағдарламасын құрастыруға арналған құрал болып табылады.

Екінші тілде тарих пәнін оқытудың әлеуетін бағалау үшін орта мектеп білім беру жүйесінде пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың іске асырылуының SWOT-талдауы өткізілді (4-кесте).

Кесте 1. Мектептің білім беру жүйесінде пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың іске асырылуының SWOT-талдауы.

| Позитивтік факторлар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мықты жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Мүмкіндіктері                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>– тілдік ортаға бату</li> <li>– тілдік оқытудың мазмұндық бағыттылығы</li> <li>– екінші тілде қатынарудың маңызды мәнмәтіні</li> <li>– когнитивтік дағдылардың дамуы</li> <li>– бірінші тілмен қатар екінші тілде де дискурсивті біліктерді дамыту</li> <li>– басқа елдің мәдениеті туралы білімдерді иелену</li> <li>– маңызды мәнмәтінде тілдік құзыреттерді қолданудың арқасында уәжді нығайту</li> <li>– түлектердің бәсекеге қабілетін арттыру</li> <li>– төзімділікті дамыту</li> </ul>                                              | <ul style="list-style-type: none"> <li>– пәндік мазмұн деңгейіндегі қатынаспен қатар күнделікті өмірде екінші тілді еркін игеру</li> <li>– еңбек нарығында талап етілуі</li> <li>– ақпараттық ресурстарға қолжетімдікті кеңейту</li> </ul>                         |
| Негативті факторлар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Әлсіз жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Қауіптер                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>– екінші тілді оқушылармен игерудің төмен деңгейі</li> <li>– педагогтерде қажетті кәсіби білімдердің жоқтығы</li> <li>– тарих пәні мұғалімдерінің екінші тілді игерудің қажетті деңгейінің жеткіліксіздігі</li> <li>– қажетті оқу және дидактикалық материалдардың жоқтығы</li> <li>– пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әдістемесі бойынша тарих пәні мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курстарының жоқтығы</li> <li>– тарих пәні мұғалімдері мен бірінші және екінші тіл мұғалімдерінің өзара әрекеттесуінің төмен деңгейі</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>– оқу процесін ұйымдастыру кезіндегі қиындықтар</li> <li>– мұғалімдер мен оқушыларға жүктеменің артуы</li> <li>– тарих пәнін бастапқы кезеңде екінші тілде оқыту пәнді игеру процесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін</li> </ul> |



Әрине CLIL тәсілін қолдану білім беру міндеттерінің айтарлықтай аясын шешуге мүмкіндік береді. Екінші/үшінші тілді және тілдік емес пәнді бір уақытта оқу кең спектрлі дағдыларды қалыптастыру мен оқытудың күтілетін мақсаттарына жетудің тиімді құралы болып табылады.

Сөйтіп, пән мазмұнын оқу екінші/үшінші тілмен кіріктіру кезінде келесі міндеттердің шешілуін талап етеді:

- 1) екінші/үшінші тілді пән мұғалімдерінің игерудің деңгейін арттыру;
- 2) пән мен тілді кіріктіріп оқыту қағидалары мен оқу нәтижелерінің бағалауына жауап беретін сабақты жоспарлау бойынша озық халықаралық және отандық тәжірибені талдау және зерттеу;
- 3) пән мен тілді кіріктіріп оқыту қағидаларына сәйкес оқу материалдарын құру негіздеріне мұғалімдерді оқыту.

Сонымен бірге пәнді екінші/үшінші тілде жүзеге асыру келесі әрекеттермен қамтамасыз етілу керек:

1) біліктілікті арттыру: мектеп басшылары мұғалімдердің уәжінде біліктілікті арттырудың мүмкіндіктерін кең қолдану міндетті. Біліктілікті арттыру курстарында оқуға, көптілділік білім беру сұрақтары бойынша семинарларға, тренингтерге, мектепшілік, аймақтық ғылыми-практикалық семинарларға, халықаралық конференцияларға қатысу педагогтердің кәсіби шеберліктерінің өсуіне ықпал етеді;

2) материалдық көтермелеу: екінші/үшінші тілде пәнді оқыту жағдайында педагогтың айтарлықтай қосымша күші талап етіледі, әсіресе осындай оқытудың бастапқы кезеңінде. Білім беру әкімшілігі мен мектеп басшылары мұғалімдердің уәждерін экономикалық ынталандыру мүмкіндіктерін қарастыру міндетті:

- екінші тілде пәнді оқыту үшін қосымша төлемді енгізу;
- жеткен табыстар үшін сыйлықақы беру;
- кәсіподақ есебінен жеңілдіктік жолдама беру;

3) бірлесіп жоспарлау үшін ұйымдастырушылық жағдайларды құру (орта және қысқа мерзімді жоспарлау): сабақтар кестесі, шығармашылық күн беру және т.б.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [ЭР]. – Қолжетімді режимі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
2. Нурпеисова С.К., Азимбаева Ж.А. Внедрение полиязычного образования: опыт, проблемы и перспективы [ЭР]. Қолжетімді режимі <https://articlekz.com/article/11917>
3. Выготский Л.С. К вопросу о многоязычии в детском возрасте // Собрание сочинений: В 6 т. Т.3. Проблемы развития психики / Под ред. А.М.Матюшкина. – М.: Педагогика, 1983. – 368 с.
4. Жетпісбаева Б.А. Полиязычное образование: теория и методология: Монография. – Алматы: Білім, 2009. – 343 с.
5. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник для студ. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 256 с.
6. Кульбаева Б.Т. Языковая компетенция как составляющая межкультурной компетентности // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылымдар академиясының хабаршысы. – 2007 г. – № 3. – 113-117 бб.
7. Трехязычное образование Назарбаев интеллектуальных школ [ЭР]. Режим доступа <http://nis.edu.kz/ru/programs/trilingualizm/>
8. Стоянова А.П. Многоязычное образование в целях интеграции разнообразных обществ // Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы – Өрлеу. Вести непрерывного образования. – 2015. – №3(10). – 32-37 бб.
9. Джадрина М.Ж. Языковое погружение в Интеллектуальных школах: приобретенный опыт [ЭР]. Қол жетімді режимі <http://conference.nis.edu.kz/october2015ru/index.php/contactus->

2/contactus-4

10. Coyle D., Hood P., Marsh D. Content and language integrated learning. – London: Cambridge University Press, 2010. – 184 p.
11. European Framework for CLIL Teacher Education [ER]. Access <http://www.ecml.at>

**М.А. Жетписбаева, Г.Д. Хайруллина**

### **СТРУКТУРА И СОДЕРЖАНИЕ КОММУНИКАТИВНО-ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА**

В статье рассмотрены компоненты целевых профессиональных компетенций учителя интегрированного обучения предмету и языку, содержание и структура коммуникативно-языковой компетентности как интегративной характеристики, включающей знание и использование средств двух языков для решения коммуникативных задач в соответствии с речевой ситуацией. Авторы обращают внимание на то, что с позиций полиязычия изучаемые языки образуют коммуникативную компетентность, которая строится на всем языковом опыте и в которой языки находятся в состоянии взаимодействия. Содержится описание отличительных особенностей методики предметно-языкового интегрированного обучения.

*Ключевые слова:* полиязычие, коммуникативно-языковая компетентность, интегрированное обучение предмету и языку, Европейский стандарт обучения преподавателей CLIL.

**M. Zhetpisbayeva, G. Khairullina**

### **STRUCTURE AND CONTENT OF TEACHER COMMUNICATIVE AND LANGUAGE COMPETENCE**

The article deals with the components of target teacher professional competencies in Content and Language Integrated teaching, the content and structure of communicative language competence as an integrative characteristic, including knowledge and use of two languages to solve communication problems in accordance with the speech situation. The authors draw attention to the fact that from the standpoint of multilingual languages, the studied languages form communicative competence, which is based on all language experience and in which languages are at interaction. The article contains a description of subject-language integrated learning methodology distinctive features.

*Keywords:* multilingualism, communicative language competence, Content and Language Integrated Learning, European standard for CLIL teachers education.

Ж.Х.КАИРБАЕВА

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
 Қарағанды облысы бойынша педагогикалық  
 қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,  
 Қарағанды қ., Қазақстан  
 happasovna@mail.ru

## БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ӨЗІРЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада оқыту үшін бағалауды биология пән мұғалімдерінің іс-тәжірибеге табысты енгізудің тәсілдері көрсетілген. Сабақта қалыптастырушы бағалау әдістеріне практикалық мысалдар келтірілген, мәселелерді шешу кезінде бағалау құралы білім алушылардың оқу жетістіктерін үшін, сондай-ақ тапсырмалар өзірлеуге қатысты ұсыныстар беріледі.

*Түйінді сөздер:* бағалау, қалыптастырушы бағалау, құзыреттілік, тапсырма

Бүгінгі таңда оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулу, олардың ойлауға қабілеттілігін арттыру білім жүйесінің нақты міндеттерінің бірі. Оқушы мұғалімнің негізгі, әрі жалғыз ақпарат көзі ретінде беретін білімімен шектеліп қана қоймай, оны әрі қарай өздігінен белсенділікпен жетілдіріп, оқытудың түпкі нәтижесіне танымдық іс-әрекет арқылы жетуі тиіс. Осылайша, әрбір оқушының жекелеген сұранысына сай танымдық ізденімпаздығын шығармашылықпен дамыту–оқу процесін ұтымды ұйымдастырудың алғышарты болып табылады [1].

Биологияны оқытуды ұтымды ұйымдастыру барысында ойларын шоғырландырып, солардың негізінде дүниеге ғылыми көзқарасын дамытуға мүмкіндік туғызады. Оқушылардың биология пәні бойынша білім және дағдылары деңгейін анықтау оның төмендегі өзіне тән ерекшеліктерімен байланысты. Биология пәні өсімдіктер, жануарлар және адам биологиясын қамтитын біртұтас жүйе болады. Сондықтан оқушылардың білім деңгейін анықтау кезінде биологиялық түсініктер, түрлі деңгейдегі биологиялық жүйелердің өзара байланысы және қоршаған ортамен байланысына аса назар аудару қажет.

Қалыптастырушы бағалау – оқудың бір бөлігі болып табылады және оқу үдерісінің өн бойында жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім: оқушының оқуда қаншалықты «ілгерілегенін» өлшейді, өзінің оқыту әдісін өзгерту қажеттілігінің бар-жоғына талдау жасайды; қандай бағалау тәсілдері оқудың жақсы жүзеге асырылып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретінін шешеді; қолданылған бағалау әдістерінің тиімділігін зерттеп, салыстырады; оқушылардың оқуы жайында барынша көбірек ақпарат алады, мысалы, ауызша сауалнамалар, оқушылардың топтық әрекеттері, тапсырманы өз бетінше орындау, тақырыптық зерттеулер, модельдеу және оны қадағалау арқылы қарастырылады [1]. Мұғалім оқушылар мен ата-аналарды кері байланыспен қамтамасыз етіп, пәнді зерттеуде, оны түсінуде көмекші болу арқылы оқушылардың жетістіктерін қадағалайды, сонымен қоса, дайындалған бағалау критерийлеріне сәйкес объективті көзқарасты ұстанып, оқушыларды оқуға ынталандырады. Оқушыны дамытуда қалыптастырушы бағалаудың мәні зор, сондықтан ол оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына түсінікті де анық, оқушыны жетістіктерге ынталандыратын сипатта болуы тиіс. Осы орайда мұғалім жауап іздейтін сұрақтарды сипаты мынадай болуы мүмкін:

- өте жақсы және жақсы жұмыстардың бағалау критерийлері қандай болады?

- қанағаттанарлық және қанағаттанарлықсыз жұмыстардың бағалау критерийлері қандай болады?

- анықталған бағалау критерийлері оқушыларға, әріптестерге немесе сарапшыларға түсінікті ме?

- бағалау критерийлері анық және бір мәнді ме?

- әзірленген бағалау критерийлері бойынша бағаны белгілеу үлгісі қандай болуы тиіс?

- қандай күтілетін нәтижелер бағалауға тұрарлық маңызды болып табылады?

- осы білім, білік-дағдылар, құндылықтар оқушыға пайдалы ма, оларды өз өмірінде қолдана ма?

- оқушы оларды өмірде қаншалықты жиі қолданады?

Бағалау үдерісін зерделеу өте өзекті мәселе. Осыған қатысты зерттеулердің нәтижесі мұғалімдер оқушыларды бағалауда басшылыққа алатын нақты, ғылыми дәлелденген ережелердің жоқтығын көрсетеді. Осылайша оқушыларға баға қоюдың жүйесіздігі байқалады. Бұл оқушылардың қорғансыздығын қалыптастырып, оқушының «Мен-тұжырымының» төмендеуіне немесе өзіндік бағасын жоғарылатуына жол береді. Адамның тіршілік әрекеті көптеген факторларға тәуелді: білімділік (қабылдайтын, өңделетін материал көлемі), психологиялық (уәж, оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері), педагогикалық (әдіс-тәсілдерді таңдау), эмоциялық (алаңдаушылық деңгейі), адамгершілік (бірімді, нақты, анық, қатаң, икемді тәсілдер), т.б. Бағалау үдерісінде барлық факторлар бір-бірімен айланысты болып, бірін-бірі толықтырады. Білімділік немесе педагогикалық факторларды ғана жеке бағалауға болмайды, себебі басқа факторлар да оқу нәтижелеріне немесе бағалауға әсер ете алады. Баға оқушылардың білім, білік-дағдыларын әртүрлі критерийлер бойынша бағалау нәтижелерінен құралады, мысалы, зерделенетін материалдың көлемі, осы материалды түсіну және қолдану, материалды пәннің талабына сәйкес рәсімдеу, материал бойынша жазу жұмысына берілген уақытты пайдалана білу, т.б.

Мұғалімдердің тәжірибесі бағалауға арналған тапсырмаларды саралау, бағалаудың тиімді құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, өзінің даму бағытын анықтауына оң әсер ететінін көрсетеді. Бағалауды жоспарлау үш кезеңнен тұрады:

1) Бағалаудың құрылымын анықтау және қолдану.

2) Дәлелдемелер жинау.

3) Бағалауға арналған тапсырма әзірлеу бойынша қорытынды.

Танымдық саладағы оқу мақсаттарының жіктелімі (Блум таксономиясы) бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау үдерісінде кеңінен қолданылады. Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөледі. Әрбір жоғары деңгей алдыңғы деңгейде меңгерілген дағдыларға негізделеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде және бағалау критерийлерін құруда мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды. Етістік таңдаған танымдық санатқа (деңгейге), ал зат есім оқушының меңгеріп, көрсетуі тиіс тапсырманың түріне бағытталған болуы керек. Төменде (1-кесте) көрсетілген кестелерде күрделілік деңгейінің өсуіне сәйкес танымдық үдерістің мазмұны көрсетілген.

#### 1-кесте. Танымдық үдеріс

|        |                                                                                                                                                                        |
|--------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білу   | Оқушы ақпаратты еске түсіре ала ма?<br>етістік + зат есім: тізім құру; терминдерді, даталарды, формулаларды анықтау; ұғымдарды атау; тізімді белгілеу; теореманы айту. |
| Түсіну | Оқушы идеясы мен мазмұнын түсіндіре ала ма?<br>Етістік + зат есім: ұғымдарды санатқа жіктеу; материалды түсіндіру;                                                     |

|          |                                                                                                                                                                                                            |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          | әрекеттерді сипаттау; көзқарастарды сипаттамаларды салыстыру.                                                                                                                                              |
| Қолдану  | Оқушы ақпаратты таныс жағдайда немесе жаңа мазмұнда қолдана ала ма?<br>Етістік + зат есім: қағиданы қолдану; процедураны орындау немесе енгізу.                                                            |
| Талдау   | Оқушы берілген көлемді ақпаратты құраушы бөліктерге жіктеп, олардың әрқайсысының мазмұнын немесе олардың бір-бірімен байланысын анықтай ала ма?<br>Етістік + зат есім: ретілігін зерттеу, нәтижені болжау. |
| Жинақтау | Оқушы жаңа идея, көзқарас, жаңа тәсіл немесе жаңа өнім ұсына ала ма?<br>Етістік + зат есім: зерттеу жұмысын, идея, теория әзірлеу; жаңа мүмкіндіктер ұсыну; тың идеялар ойлап шығару.                      |
| Бағалау  | Оқушы пікірді, шешім немесе мәселені шешу барысын негіздей ала ма?<br>Етістік + зат есім: таңдауды, шешімді, қорытындыны сипаттау; берілген бағаны, әрекетті тексеру; баламасын, негізгісін таңдау.        |

Бұл кесте күтілетін нәтижені оқу мақсаттарына сәйкес қалай жоспарлауға және соған сәйкес бағалауды қалай жүргізуге болатынын көрсетеді. Оқу мақсаттары мен бағалау түрі Блум таксониясының бірнеше деңгейін қамтуы мүмкін. Бұл оқу мақсаттарының бірнеше танымдық деңгейге қатысты болуымен байланысты және бағалау үдерісі (2-кесте) де соған сәйкес жүреді.

## 2-кесте. Білімді меңгеру үдерісі

|                     |                                                                                                    |
|---------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Фактологиялық білім | Оқушыға таныс болуы немесе оқушы білуі тиіс негізгі терминдер мен фактілер.                        |
| Концептуалдық білім | Базалық фактілердің арасындағы өзара байланыс, мысалы, санаттық жіктелімдер, модельдер, теориялар. |
| Процедуралық білім  | Тәжірибелік білім, дәлелдеулер мен тәжірибе жұмыстарын жасау, өлшеу.                               |
| Метатанымдық білім  | Өзін-өзі танудан бастап басқа адамдардың ойлау үдерісін түсіну және хабардар болу.                 |

Тапсырма әзірлеу барысында неге назар аудару керек? Білім алушылар үшін жақсы практикалық тапсырма құрастыру – жай ғана техникалық жүзеге асыру емес, ол түсіну мәселесі, себебі олар алған білімін тәжірибеде қолданатын болады.

Тапсырмаларды құрастыру кезеңінде 3-кестеде көрсетілген кезеңдер мен сипаттамасына назар аудару арқылы тапсырма оқу мақсаттарына және тақырыпқа сәйкестендіріп, тапсырманың сапасын талдай отырып, өзгерістер енгізуге мүмкіндік бар.

## 3-кесте. Кезеңдердің сипаттамасы.

| Кезең           | Сипаттамасы                                                                                     |
|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жоспарлау       | Құрастыруды анықтайтын құжаттарды, құрастыру мақсаттары мен міндеттерін анықтау.                |
| Құрастыру       | Оқу бағдарламаларын, спецификацияны қолдану, бағалау критерийлерін анықтау, тапсырма құрастыру. |
| Сараптама жасау | Тапсырманың сапасын талдау, материалды қайта қарау, өзгерістер енгізу.                          |

|         |                                                                |
|---------|----------------------------------------------------------------|
| Қолдану | Бөлінген уақыт пен жағдайды сақтай отырып, тапсырманы қолдану. |
| Талдау  | Нәтижеге шолу жасау, өзгерістер енгізу.                        |

Оқу мақсаттарын дәл тұжырымдап, үнемі есте ұстау өте маңызды; оқу мақсаттарының негізінде тиімді және мәнді практикалық тапсырма әзірленеді. Тапсырма жабық түрдегі немесе ашық түрдегі болуы мүмкін. Тапсырманың әр түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады. Жабық тапсырмалар педагогика мен психологияда кең тараған. Мұндай тапсырманы құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне де жеңіл. Тапсырманың дидактикалық мазмұныны сақталған жағдайда жабық тапсырмалардың ішкі құрылымы әр алуан болуы мүмкін. Бұр бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді (4-кесте).

4-кесте. «Шындық/Жалған» тапсырмаларының ерекшеліктері

|                           |                                                                                                                                                              |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жан-жақтылық              | Мұндай түрдегі тапсырманы түрлі оқу нәтижелерін өлшеу үшін бейімдеуге болады.                                                                                |
| Жылдам балл қою           | Балл қоюға көп уақыт кетпейді, балды есептеудің нақтылығы жоғары.<br>Қолданбалы бағдарламалардың көмегімен дұрыс жауаптарды автоматты түрде есептеуге болады |
| Сенімділік.               | Дұрыс құрылған сұрақтар оқушының оқу жетістігінің сенімді нәтижелерін беруі мүмкін.                                                                          |
| Сұрақты талдау мүмкіндігі | Шындықты анықтау сұрақтарын талдау арқылы жетілдіруге болады.                                                                                                |
| Тиімділік.                | Қолда бар материалдардан аз уақыт ішінде көптеген әртүрлі тапсырмалар құрастыруға болады                                                                     |
| Түсінгенін тексеру        | Шындықты анықтау сұрақтары зерделеген материалды түсінуін бағалауға пайдалы.                                                                                 |
| Қысқаша мазмұндалуы       | Шындықты анықтау сұрақтары тез оқуға болатын бірнеше сөзден тұратын қысқа болуы мүмкін                                                                       |

4-кесте бойынша «Шындық/Жалған» тапсырмаларын құрастыруға қатысты ұсыныстарға назар салу:

–Тұжырым немесе сұрақты құрастыру тілі барынша қарапайым және оқушыға түсінікті болуы қажет.

–Сөйлемде барынша аз сөз қолданыңыз: оқушы өте ұзақ немесе күрделі тұжырымды оқуға көп уақыт жоғалтып, оның мазмұны бойынша Білімін көрсетуге уақыты жетпей қалуы мүмкін.

–Оқушылардан тұжырыммен бірге жазу/жазылымды интерпретациялау кезінде қате жібермеудің алдын алу үшін «Ш» немесе «Ж» деп жазуды сұраудың орнына, кестеде белгілеуді немесе «Ш-шындық» немесе «Ж-жалған» мағынасының астын сызуды ұсыныңыз.

–Егер сөйлем себеп пен салдар немесе алғышарты мен қорытындысы сияқты қарым-қатынасты көрсетсе, онда әуелі дұрыс бөлігі жазылады, ал екінші бөлігі өзгертіледі.

–Жауабында қандай да бір заңдылық байқалмау үшін шын және жалған тұжырымдарды кездейсоқ ретпен орналастырыңыз.

–Кең таралған жалған пікірлер мен көзқарастарды жалған тұжырым ретінде қолданыңыз.

–Сұрақты оның қате жауабы оқушыларды қызықтыратындай немесе дұрыс сияқты көрінетіндей етіп құрастырыңыз.

–Тапсырма екіұштылығы жоқ нағыз шындық немесе жалған болып табылатындай тұжырымдарға негізделуі қажет.

–Тұжырымды барынша қарапайым түрде беріңіз.

–Әрбір тапсырмада бір идея болуы тиіс.

–Оқушының дұрыс түсінуіне жеткілікті ақпарат қосыңыз.

–Мынадай сөздерден аулақ болыңыз: бәрі, әрқашан, әрбір, ешқашан, ешкім, көпшілігі, көбіне, жиі, сирек, бірнеше және т.б. [2].

–Мәтіннен, дәрістен немесе басқа материалдардан алынған дәйексөздерді қолданудан аулақ болыңыз, бұл оқушының көру қабілетін ғана тексереді.

–Жағымсыз мәлімдемелер мен ақпаратты қолданудан аулақ болыңыз.

–Таныс емес лексиканы қолданудан аулақ болыңыз.

Мысалы: Тұжырымдаманың шындық/жалған екенін анықтаңыз.

| Тұжырымдама                                                     | шындық | жалған |
|-----------------------------------------------------------------|--------|--------|
| Жүйке жүйесінің құрылымдық бірлігі нейрон                       |        |        |
| Нейронда бірнеше аксон және бір дендрит болады                  |        |        |
| Нейрондар арасындағы байланыс синапс                            |        |        |
| Жүйке импульсының берілу бағыты дендрит-дене-аксон              |        |        |
| Дендритте миелинді қабық бар                                    |        |        |
| Рецептор сезгіш жасуша                                          |        |        |
| Сезгіш нейрон импульсты орталықтан жауап беретін мүшеге апарады |        |        |
| Рефлекстік доға аксоннан басталады                              |        |        |

Тапсырманың екінші бір түрі, мысалы: Динозаврдың жойылуы

Динозаврлардың шамамен 65 миллион жыл бұрын болған жойылун түсіндіру үшін екі болжам ұсынылды.

| А болжамы<br>(астериодпен соқтығысу)                                                                                                                                                                                                              | В болжамы<br>(жаңартау атқылауы)                                                                                                                                                                                                 |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Аса үлкен астериод жермен соқтығысып қалғандықтан, динозаврлар жойылып кеткен. Соқтығысудың нәтижесінде өрт басталып, шаң мен күлдің бұлттары пайда болды. Сондан соң, ұзаққа созылған қараңғылық орнап, өсімдіктердің өмір сүруі мүмкін болмады. | Динозаврлар көптеген жаңартау аққылауы болғандықтан жойылып кетті. Атқылау нәтижесінде өрт басталып, шаң мен күлдің бұлттары пайда болды. Сондан соң, ұзаққа созылған қараңғылық орнап, өсімдіктердің өмір сүруі мүмкін болмады. |

Ғалымдар осы болжамды зерттеп, үш келесі айғақты анықтады.

| 1 айғақ                                                                       | 2 айғақ                                                                                                              | 3 айғақ                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 65 миллион жыл бұрын астериод соқтығысынан Мехикода үлкен кратер пайда болды. | 65 миллион жыл бұрын құрылған тау жыныстарында кридий құрамының үлкен деңгейі бар. Иридий элементі жер бетінде сирек | 65 миллион жыл бұрын күл қабаттары құрылған. Осы қабаттарды Жер бетінің әр жерлерінен тапқан. Күл ормандар өртенгенде құрылады. |

|  |                                                                                                                   |  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | кездеседі, бірақ ол жердің астыңғы қабатында, оның қойнауында болады. Оны сондай-ақ астериодтардан табуға болады. |  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

1-сұрақ: динозаврлардың жойылуы

Осы үш айғақтың әрқайсысы болжамның қайсысын растайды? Әрбір жолда «А» (Астероидпен соқтығысу), «В» (Жанартау атқылауы) немесе «Екеуі де» болжамның екеуінде қоршау керек.

| Айғақ                        | Осы айғақ қай болжамды растайды |
|------------------------------|---------------------------------|
| 1. Кратер пайда болуы        | А/В/Екеуі де                    |
| 2. Тау жыныстарындағы иридий | А/В/Екеуі де                    |
| 3. Күл қабаттары             | А/В/Екеуі де                    |

2-сұрақ: динозаврлардың жойылуы

Динозаврлар жойылып кеткендіктен, оларды қазбалы қалдықтар түрінде ғана табуға болады. Қазбалы қалдықтар туралы келесі айтылғандар дұрыс па, әлде бұрыс па? «Дұрыс» немесе «Бұрыс» дегенді әрбір айтылғанның жанында белгілеп керек.

| Қазбалы қалдықтар туралы келесі айтылғандар дұрыс па?                               | Дұрыс немесе бұрыс па? |
|-------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
| Динозаврлар жойылғанға дейін өмір сүрген өсімдіктердің қазбалы қалдықтары табылған. | Дұрыс/ Бұрыс           |
| Қазіргі кезде өмір сүріп жатқан түрлердің қазбалы қалдықтарын табуға болады.        | Дұрыс/ Бұрыс           |
| Қазіргі кезде Жерде қазбалы қалдықтардың құрылу үдерісі жүрмейді.                   | Дұрыс/ Бұрыс           |

3-сұрақ динозаврлардың жойылуы

Бұрынға өткен тұру ортасы мен Жер экологиясы туралы толық мағлұмат алу үшін геологтар тау жыныстары мен қазбалы қалдықтарды зерттейді. Ғалымдардың кейбір ықтимал қолға түскен заттары мен олардың жасаған қорытындылары төмендегі кестеде көрсетілген.

Әрбір қорытынды сәйкес келетін тапқан заттан туындайды ма? Әрбір қорытынды үшін «Иә» немесе «Жоқ» дегенді қоршаңыз.

| Қолға түскен заттар                                                                       | Келесі қорытындыларды жасауға болады ма?                                                                              | Иә немесе жоқ |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| Жағалау аймағындағы шөгінді жыныстарда динозаврлардың алуан түрлерінің жүген ізі табылған | Қайсыбір уақытта осы территорияларда динозаврлардың алуан түрі өмір сүрген                                            | Иә/ жоқ       |
| Территорияда мұнай мен тас көмірі табылған                                                | Бұрынғы кезде осы территорияда белсенді жанартау әрекеті болған                                                       | Иә/ жоқ       |
| Тай жүйесінің шыңында теңіз моллюскілерінің тасқа айналған қалдықтары баылған             | Тайлар жер қабаты дестелерінің қозғалысының әсерінен пайда болған теңіз деңгейінің көтерілуі нәтижесінде пайда болған | Иә/ жоқ       |



### Салыстыру және сәйкестендіру тапсырмасы

Сәйкестендіруге қатысты сұрақтар оқиға, мерзім, атаулар мен оқиға болған жерлерді білу маңызды болып саналатын жағдайда білімді тексерудің барынша тиімді тәсілі болып табылады. Сәйкестендіру тапсырмалары көптеп жасалған тәжірибелерді, олардың нәтижелерін, арнайы терминдер мен анықтамаларды есте сақтауды қажет ететін жаратылыстану ғылымында да қолдануға ыңғайлы.

Сәйкестендіру түрлері:

- 1) Терминдерді олардың анықтамасымен сәйкестендіру;
- 2) Бір-бірімен байланысты фразаларды сәйкестендіру;
- 3) Себебі мен салдарын сәйкестендіру;
- 4) Өлшем бірлікті басқа өлшем бірлігімен (одан ірі немесе ұсақ) сәйкестендіру;
- 5) Есепті оның шешімімен (жауабымен) сәйкестендіру.

5-кестеде сәйкестендіруге арналған тапсырмалардың түрлері көп. Оның қарапайым түрлерінің бірі – екі бағанды салыстыру тапсырмасы: бірінші бағанда жауап беруге тиісті сұрақ немесе тапсырма жазылады, ал екінші бағанда салыстыруды қажет ететін олардың жауаптары көрсетіледі. Бұл жағдайда бірінші бағандағы тапсырмалардың саны мен сәйкес жауаптар саны бірдей болады. Алайда, бұл жерде бірнеше қауіп бар: оқушылар жауапты болжамдап дұрыс табуы мүмкін, сонымен қатар, егер оқушы бір жауабында қателессе, одан ірі де қателікке ұрынады. Мынандай жағдай болуы да мүмкін: оқушы біреуінен басқа барлық сұрақ бойынша сәйкестікті дәл біледі, сонда жауабын білмейтін сұрақтың шешімі оқушыға өздігінен айқын болып шыға келеді. Дұрыс жауапты болжамдап табу мүмкіндігін азайтудың бірден-бір тәсілі – бірінші бағандағы сұрақтардың санына қарағанда екінші бағандағы жауаптардың санының көп болуы. Бұл жағдайда оқу материалы негізінде біртекті белгілері бойынша екі бағанан тұратын тапсырма анықталады. Екінші бағанда біріншісіне қарағанда бірнеше қатар артық болуы қажет, ең жақсы деген жағдайда екі есе көп болғаны дұрыс. Нәтижені өңдеу қолайлы болу үшін сол бағандағы позицияларды санмен белгілеу, ал оң бағандағыларды бас әріптермен белгілеу ұсынылады. Тапсырманы қолайлы психологиялық жағдайда қабылдап, ойланып жауа беру үшін жазу қарпінің өлшемінің де маңызы бар. Бағанның жоғары жағындағы тақырыпшалар бас әріптермен жазылады, бағандағы сөздер кіші әріптермен жазылады. Сол жақ бағандағы қатардың саны 4-5-тен аспауы қажет екенін ескерген жөн [3].

### 5-кесте. Сәйкестендіру тапсырмаларының артықшылығы мен кемшіліктері

| Артықшылықтары                                    | Кемшіліктері                                |
|---------------------------------------------------|---------------------------------------------|
| Білу және түсіну деңгейлерін бағалау үшін қолайлы | Орындауға көп уақыт жұмсалады               |
| Фактілері көп материалды тексеруге қолайлы        | Жоғары деңгей дағдыларын бағалауға келмейді |

Салыстыру және сәйкестендіру тапсырмаларын құруға арналған ұсыныстар:

- 1) Оқу мақсаттарын зерделеп, тапсырманың осы түрін қолданған қолайлы болатынына көз жеткізіңіз.
- 2) Сәйкестендіру тапсырмасындағы сұрақтарды шектеңіз. Сұрақтардың көп болуы тапсырманы оқуға, орындауға кедергі келтіруі мүмкін.
- 3) Оқуға кететін уақытты азайту үшін жауаптар мен сұрақтар тізімінде мүмкіндігінше тек қысқа фразаларды немесе жеке сөздерді қолданыңыз.
- 4) Бірінші бағанда барынша қарқынды сөздерді, ал екінші бағанда неғұрлым қысқа және қарапайым жауаптарды қолданыңыз.

5) Мүмкіндігінше жауаптар тізімін қандай да бір жүйемен реттеп орналастырыңыз(хронологиялық тәртіпте, әліпби бойынша, өсу/кему ретімен және т.б.).

6) Бір сұрақтың бірнеше дұрыс жауабы жоқ екендігіне көз жеткізіңіз (алайда, бір жауап бірнеше сұрақта қолданылуы мүмкін).

7) Сәйкестендіру тапсырмасын екі бетке бөлуден аулақ болыңыз, бұл тапсырманы орындау кезінде оқушыларға қиындық тудырады, сондай-ақ мұғалімнің тексеруіне де қолайсыз болады.

8) Тапсырманың нұсқауы (шарты) оқушыларға сәйкестікті орнатуға қатысты анық болғаны дұрыс. Барлық оқушылар тапсырманы бірдей түсінуі қажет. Тапсырма жауабы жалғыз және бір мағыналы болатындай етіп құрылғаны жөн.

9) Сәйкестендіру тапсырмасында барлығына ортақ ақпаратқа негізделетін сұрақтарды қолданыңыз.

10) Дұрыс жауапқа меңзейтін грамматикалық немесе басқа да белгілерді қолданудан аулақ болыңыз.

11) Сұрақтар бағаны нақты сұрақтардан немесе тапсырмалардан, тұжырымдардан және т.б. тұруы тиіс

Мысалы: Дәрумендер – денсаулық кепілі сәйкестендіру кестесі арқылы әрбір дәруменнің атқаратын биологиялық маңыздылығын бойынша орналастыру.

#### Сәйкестендіру кестесі

| Химиялық атаулары    | Биологиялық маңыздылығы                                                                                                                                                                                                                                     |
|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| А (ретинол)          | Тотығу-тотықсыздану реакция айналымына қатысады; көптеген ферменттер құрамына кіреді; ақуыз синтезіне қатысады; антиденелердің қалыптасуын жүзеге асырады; дентин, шөміршектің қалыптасуына қатысады, ішекке темір элементінің сіңірілу процесін күшейтеді; |
| Д (кальциферол)      | Көмірсулар алмасуына қатысады; жүрек, бұлшықет, жүйке жүйесі мүшелерінің қызметін реттейді                                                                                                                                                                  |
| С (аскорбин қышқылы) | Эпителий ұлпаларының дамуын, қалыпты өсуін реттейді; ферменттер жұмысын күшейтеді; көру пигменті – родопсиннің түзілуін қамтамасыз етеді; өсу витамині деп атайды;                                                                                          |
| В1 (Тиамин)          | Сүйектердің қалыпты дұрыс дамуын қамтамасыз етеді; бұлшықет тонусын күшейтеді; ферменттер жұмысына әсер етеді; ағзадағы кальций алмасуын жүзеге асырады; күннің ультракүлгін сәулелері арқылы ағзада түзіледі                                               |

Көп таңдауы бар тапсырма – оқушының жауабы ұсынылған тізімнің көлемінде шектелген, дәйекті жауабы берілген сұрақ түріндегі тапсырма. Мұндай тапсырма екі компоненттен тұрады: тапсырманың мәтіні және жауап нұсқалары, мұндағы дұрыс жауап – тапсырманың кілті, дұрыс емес жауаптары – дистракторлар болып табылады. Тапсырманың мәтіні барынша қысқа бола тұрып, сұрақтың мазмұнын анық көрсетуі тиіс. Тапсырманың сауатты құрастырылуы өте маңызды. Тапсырма мәтінінің күрделі түрде берілуі тапсырманы түсінуді қиындатады. Тапсырма орфографиялық және грамматикалық ережелерді сақтай отырып құрастырылуы тиіс.

Мысалы: Қандағы  $\text{CO}_2$  концентрациясының ұлғаюынан бастап адамдағы қалыпты тыныс алу мен тыныс шығару дұрыс реттілігін жазыңыз.

- 1) көкет жырылуы
- 2) оттегінің концентрациясы артуы
- 3)  $\text{CO}_2$  концентрациясы артуы

- 4) сопақша мидағы хеморецепторлар тітіркенуі
  - 5) тыныс шығару
  - 6) көкет босаңсуы
- 

Ашық тапсырмалар жоғары деңгейдегі когнитивтік дағдыларды тексеруге, аргумент келтіре алуға, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлай алуға және т.б. арналған. Ашық тапсырмалардың жауабы ұзақтығына (көлеміне) қарай ерекшеленуі, бір немесе бірнеше сөздерден (қысқа жауап) толық аргументативті пайымдауларға (толық жауап) дейін өзгеруі мүмкін. Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет. Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда бірнеше кезеңдерден тұратын түрлі сөйлемдерді, түсініктемелерді, сызбаларды немесе дәлелдерді қолдана отырып орындауы қажет. Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар нұсқаларының бірі – эссе. Эссенің көмегімен тек жазылым дағдысы ғана тексеріліп қоймайды, сондай-ақ, берілген сұрақты немесе мәселені әр түрлі көзқараста қарастыру, берілген тақырыптың түрлі аспектілерін ашып көрсету, өз көзқарасын аргумент түрінде келтіру, мәселені шешудің жолдарын ұсыну және т.б. меңгеруі тексеріледі [4].

Ашық тапсырма құрастыруға қатысты ұсыныстар:

- тапсырмада немесе сұрақта анық және дәл тұжырымдаманы қолданыңыз;
- сұрақтарды ақпараттық және сұраулы бөлімдерге бөліңіз;
- оқушының жас ерекшелігін, мәдениетін және ақпараттың келелілігін ескеріңіз, яғни тапсырмалар оқушыға түсінікті, қолжетімді берілуі қажет;
- жауап үлгісін тиянақтаңыз, нұсқалардың барлық мүмкіндігін есепке алыңыз, берілген жауап үлгісін тапсырманы тексеру кезінде қолданыңыз;
- жауаптың әр бөлігіне жинақталған балды қалай бөлу қажеттігін көрсетіңіз;
- құрастырылған тапсырмалар мен жауап үлгілерін бағалауға әріптесіңізді қатыстырыңыз. Қажет болған жағдайда түзетіңіз, құрастырылған тапсырмаға өзгерістер енгізіңіз.

Мысалы: Адам дене жаттығуларын жасағанда жүрек соғуы жиілейді. Жаттығу барысындағы жүрек жұмысын сипаттаңыз және түсіндіріңіз.

---

Тапсырмаларды әзірлеуде қажетті ресурстарды іріктеуге арналған ұсыныстар: тапсырмада мәтін, график, диаграмма, сызба, бейне, аудио жазбалар, карталар, иллюстрациялар және т.б. түріндегі түрлі ресурстық материалдарды қолдануға болады. Ресурстық материалдар оқушыға қосымша көмек көрсету мақсатында немесе дереккөздері ретінде қолданылады. Ресурстық материалдарға қатысты тапсырмалар ақпаратты қайта өңдеу және түсіну, іздену дағдыларын тексеруге бағытталуы қажет. Тапсырмалардың әр түрлерін қолдануда олардың жеңілден күрделіге қарай логикалық реттілікпен орналастырылуы ұсынылады. Кез келген ресурстық материалдарға нақты нұсқау берілуі қажет. Ресурстық материалдарға мазмұндық, техникалық сипаты жағынан бірнеше талаптар қойылады.

Ресурстық материалдардың мазмұнына қойылатын талаптар:

- Ресурстық материалдарды іріктеу және құрастыруда тақырыпты, оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін ескеру қажет.
- Ресурстық материалдарды оқулықтардан, оқу құралдарынан немесе мектепте қолданылып жүрген дереккөздерінен қолданбаған дұрыс. Жауаптары берілуі мүмкін, мысалы, тапсырмада және ресурстық материалда бірдей сөздерді қолданудан аулақ болған дұрыс.

- Ресурстық материалдар ескірген тақырыптардан алынбағаны жөн, сондай-ақ оқушының денсаулығы мен жеке дамуына кері әсер ететіндей болмағаны дұрыс.
- Ресурстық материалдарда мәдени ерекшеліктер ескерілуі қажет.
- Ресурстық материалдардың техникалық безендірілуіне қойылатын талаптар:
- Ресурстық материалдың форматы оны орындауға болатындай техникалық мүмкіндіктерге сәйкес болуы қажет. Мысалы, видео және аудио жазбаларды тыңдау, иллюстрацияларды бейнелеу және т.б.
- Ресурстық материалды безендірудің сапасы тапсырманың күрделілік деңгейі мен орындау деңгейіне әсер етпеуі қажет.
- Әр оқушыға ресурстық материалдармен жұмыс жүргізуде бірдей жағдай жасалуы керек.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Критериалды бағалау жүйесінің кіріктірілген моделі. Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018.
2. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
3. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал // «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова редакциясымен. – Астана, 2016.
4. «PISA-2015 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есебі, 2017 жыл/Құраст. С.Ырсадиев, А.Құлтуманова, Е.Сабырұлы, М.Аманғазы. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017.

**Ж.Х.Каирбаева**

### **ОСОБЕННОСТИ СОСТАВЛЕНИЯ ФОРМАТИВНЫХ ЗАДАНИЙ ПО БИОЛОГИИ**

В данной статье рассматриваются способы успешной реализации оценивания обучения из опыта работы учителей биологии. Даны примеры практического применения методов формативного оценивания на уроках, рекомендации по разработке заданий и по составлению инструментария для оценки учебных достижений обучающихся.

*Ключевые слова:* оценивание, формативное оценивание, компетентность, задания

**J. Kairbaeva**

### **FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF TASKS FOR THE FORMATIVE ASSESSMENT OF BIOLOGY**

This article discusses how to successfully implement learning assessments from the experience of biology teachers. Examples of practical application of formative assessment methods in the classroom, recommendations on the development of tasks and on the development of tools for assessing students' learning achievements.

*Keywords:* assessment, formative assessment, competence, tasks

ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области» г.Караганда,  
*kushnir\_m\_p@mail.ru*

## РАЗРАБОТКА АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЫ ПЕДАГОГИЧЕСКИМИ РАБОТНИКАМИ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

В статье проведен анализ понятия «авторская программа» и указаны отличительные особенности авторской программы. Основное содержание статьи посвящено описанию нормативных оснований для разработки авторской программы. Представлены структура авторской программы и технологическая цепочка ее разработки. Также выявлены основные затруднения, которые испытывают педагоги в процессе разработки авторской программы, и намечен один из путей их устранения.

*Ключевые слова:* повышение квалификации, авторская программа, структура авторской программы, затруднения в разработке авторской программы.

Актуальность разработки авторской программы обусловлена изменениями в Правилах проведения аттестации педагогических работников. Педагоги, претендующие на квалификационную категорию «педагог-мастер» должны иметь авторскую программу [1].

Определение понятия «авторская программа» в нормативно-законодательной базе Республики Казахстан не представлено. Рассмотрим определения, представленные поисковой системой *go.mail.ru*.

Например, Национальная педагогическая энциклопедия дает 3 определения авторской образовательной программы:

- нормативный ориентирующий документ творческой деятельности педагога, фиксирующий содержание курса, должен отражать научные и мировоззренческие направления содержания знаний и умений;
- результат исследовательской работы педагога по анализу уже имеющихся программ данной тематики, современных методик, инновационных технологий обучения, передового педагогического опыта;
- вид дополнительной образовательной программы, полностью созданной педагогом или коллективом педагогов, отличающейся новизной, актуальностью и предназначенной для решения определенной проблемы в дополнительном образовании [2].

В «Положении об авторской образовательной программе» Министерства образования и науки Пермского края авторской считается разработанная педагогическим работником или группой педагогических работников образовательная программа, существенно отличающаяся своим содержанием от типовых образовательных программ (теоретическими и методологическими основаниями, содержательным компонентом, технологией образовательного процесса) [3].

Наиболее полно понятие «авторская программа» рассмотрено в работе «Авторская программа. Методические рекомендации по разработке программ» к.п.н. Ильдаром Латыповым [4].

Если взять за основу трактовку указанного ученого, то можно охарактеризовать авторскую программу как программу, разработанную на основе Государственного общеобязательного стандарта образования, имеющую уникальную (авторскую)

концепцию построения содержания учебного курса, предмета, дисциплины (модуля) и удовлетворяющую следующим требованиям:

- a) разрабатывается одним или группой авторов;
- b) имеет оригинальную концепцию и построение содержания;
- c) отличается новизной и педагогической ценностью;
- d) отражает личностный опыт учителя в построении методической системы, реализующей индивидуальный стиль его деятельности [4].

Т.об., обязательными условиями авторской программы являются:

- актуальность;
- новизна;
- творчество;
- оригинальность.

Рассмотрим основания для разработки авторской программы.

В соответствии с Законом РК «Об образовании» [5] документом, определяющим цели, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки, определена образовательная программа.

Образовательные программы подразделяются на:

- общеобразовательные ( типовые, рабочие);
- профессиональные ( типовые, рабочие);
- дополнительные.

